

Алгебра , 9 сынып

«Тізбектер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

I нұсқа

1. [2 балл] $a_n = 5n - 6$ тізбегінің 14 болатын мүшесінің нөмірін табыңдар.
2. (a_n) – арифметикалық прогрессия. $a_1 = 4,8$; $a_3 = 7,2$.
 - a) [2 балл] арифметикалық прогрессия қасиетін қолданып a_2 - мүшесін табыңдар;
 - b) [2 балл] арифметикалық прогрессияның 11-ші мүшесін табыңдар.
3. [3 балл] (b_n) - геометриялық прогрессия $1,8 ; 0,6 ; \dots$. Прогрессияның келесі екі мүшесін табыңдар.
4. [2 балл] (b_n) - геометриялық прогрессия. $b_1 = 6$, $q = 4$. S_4 қосындысының мәнін табыңдар.
5. [4 балл] $-19; -17; -15; \dots$ арифметикалық прогрессияның теріс мүшелерінің қосындысын табыңдар.

II нұсқа

1. [2 балл] $a_n = 7n - 5$ тізбегінің 23 болатын мүшесінің нөмірін табыңдар.
2. (a_n) – арифметикалық прогрессия. $a_1 = 1,2$, $a_3 = 9,6$.
 - a) [2 балл] арифметикалық прогрессия қасиетін қолданып a_2 - мүшесін табыңдар;
 - b) [2 балл] арифметикалық прогрессияның 11-ші мүшесін табыңдар.
3. [3 балл] (b_n) - геометриялық прогрессия $2,4 ; 1,2 ; \dots$. Прогрессияның келесі екі мүшесін табыңдар.
4. [2 балл] (b_n) - геометриялық прогрессия. $b_1 = 8$, $q = 2$. S_5 қосындысының мәнін табыңдар.
5. [4 балл] $-23; -21; -19; \dots$ арифметикалық прогрессияның теріс мүшелерінің қосындысын табыңдар.

Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тізбектің n -ші мүшесін табады	1	Формулада берілген мүшелердің мәнін жазады;	1
		Тізбектің берілген мәнге тең мүшесінің нөмірін табады;	1
Арифметикалық прогрессияның қасиетін, n -ші мүшесін табу формуласын біледі және қолданады	2 a)	арифметикалық прогрессияның қасиетін формула түрінде жазады;	1
		қасиетін қолданып a_2 мүшесін табады	1
	2 b)	n -ші мүшесін табу формуласын жазады;	1
		формуланы қолданып, n -ші мүшесін есептейді;	1
Геометриялық прогрессияның мүшелерін табады	3	геометриялық прогрессияның q еселігін табады;	1
		қасиетін қолданып b_3 - мүшесін табады;	1
		қасиетін қолданып b_4 - мүшесін табады .	1
Геометриялық прогрессияның n мүшесінің қосындысын табады	4	Геометриялық прогрессияның n мүшесінің қосындысының формуласын жазады;	1
		S_5 қосындысының мәнін табады.	1
Арифметикалық прогрессияның n мүшесінің қосындысын табады .	5	Айырымның және ең соңғы теріс мүшесінің мәнін табады.	1
		a_n формуласын қолданып , теңдеу құрастырады;	1
		теңдеуді шешіп, n -нің мәнін табады;	1
		n мүшесінің қосындысы формуласын қолданып, теріс мүшелерінің қосындысын табады.	1
			15